

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы № 42/486-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 қазанда № 7649 болып тіркелді

З Қ А И - н ы н е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

A. Анчугин

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы

B. Головатюк

Шығыс Қазақстан облыстық

мәслихатының 2020 жылғы

9 қазаны № 42/486-VI

шешіміне қосымша

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 3/33-III "Облыстық маңызы бар қалаларда аймақтардың шекаралары және жер участелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1576 болып тіркелген, 2004 жылғы 31 қаңтардағы "Дидар", 2004 жылғы 3 ақпандағы "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) шешімі.

2. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 1 шілдедегі № 7/101-IV "Облыстық маңызы бар қалаларда жер телімдері үшін төлемнің базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін және аймақтардың шекарасын бекіту туралы" 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 3/33-III шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2488 болып тіркелген, 2008 жылғы 5

тамыздағы "Дидар", 2008 жылғы 7 тамыздағы "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) шешімі.

3. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 7 қазандағы № 32/390-V "Облыстық маңызы бар қалаларда аймақтардың шекаралары және жер участкелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 3/33-III шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4231 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 30 қарашадағы "Рудный Алтай", 2015 жылғы 1 желтоқсандағы "Дидар" газеттерінде жарияланған) шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК